

Жоспары

- 1 Конфуцийдің дана жолы
- 2 Конфуций ілімінің бастауы
- 3 Конфуций қаламынан туған шығармалар

Өмірбаяны

● Конфуций, яғни, "Ұстаз Күн" б.з.б. 551, Цзоу-Лу патшалығы (қазіргі Қытайдың Шандунь провинциясындағы Цюйфу қаласында дүниеге келген. 479 ж. сонда дүние салған. Ежелгі Қытай ойшылы, философ, тарихшы, мемлекет қайраткері, Қытайдың мемлекеттік діні – конфуцийшілдіктің негізін салушы. Кедейленген ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Өмірінің көп бөлігін Лу патшалығында өткізген. Б.з.б. 11 – 3 ғасырларда болған осы көне мемлекет ежелгі дәуірдегі қытай тарихы мен мәдениетінің дамуында елеулі рөл атқарған



- Жас шағында төменгі буындағы шенеунік қызметін атқарып жүрді. Сосын жеке мектеп ашып, 22 жасында бала оқыта бастады. Кофуцийдің он мыңға жуық шәкірттері бар және жиырма шактысы ертелі-кеш жанында болған деген деректер бар. Қытайдағы тұңғыш жекеменшік оқу орнының негізін қалаушы атанды. Ең атақты мұғалім ретінде даңқы шықты
- 50 жасында Лу патшалығының жоғары дәрежелі мемлекеттік қызметшісі болып істеді. Сол шақта саяси қызметін бастады. Алайда, қаскөйлік интригалдар салдарынан лауазымды жұмысынан кетуге мәжбүр болады
- Содан 13 жыл бойы Ежелгі Қытайдың Лу патшалығынан басқа мемлекеттерін аралайды. Бірақ еш жерде өз идеяларын қолданысқа енгізе алмайды да, ақыры 484 ж. еліне қайтып оралады.

Содан 13 жыл бойы Ежелгі Қытайдың Лу патшалығынан басқа мемлекеттерін аралайды. Бірақ еш жерде өз идеяларын қолданысқа енгізе алмайды да, ақыры 484 ж. еліне қайтып оралады. Содан өмірінің соңына дейін ұстаздықпен және көне даналық кітаптарды жинап, өңдеп, таратумен шұғылданған. Конфуций өзіне арнайы бөлінген орынға жерленген. Оның қасына ұрпағы, жақын шәкірттері мен ізбасарлары қойылған. Тұрғын үйі ғибадатханаға айналдырылып, Конфуций рухына тағзым етушілер зиярат жасайтын орын ретінде әйгілі болған



Конфуций негіздеген қоғамдық, философиялық, моральдық, этикалық һәм діни ілімнің тұрғылары дәстүрлі алты кітаптан бастау алады: «Ицзин» — «Өзгеріс кітабы», «Шуцзин» — «Тарихи деректер кітабы», «Шицзин» — «Жыр кітабы», «Лидзи» — «Рәсім кітабы», «Чжун Ю» — «Көктем мен күз», жылнама кітабы және «Лунь Юй» — «Кеңес пен толғам», ғақлиялар кітабы.



- «Өзгеріс кітабы» — тағдыр, жазмыш туралы, ойлы нақыл, шешендік болжам, балгерлік есеп сипатындағы философиялық-космогониялық кітап, ханзу мәдениетінің көне ескерткіші. Конфуцийдің өзінің «Өзгеріс кітабының» түбіне жетуге ғұмырым жетпейді дегендей сөзі бар (VII-17), яғни Конфуций бұл кітапты жасаушы емес, зерделеуші және үлгі түтушы ғана. Ескіден тартып, күні бүгінге дейін бұл өзгеше мұра турасында жүздеген еңбек жазылған, бірақ әлі не Шығыста, не Батыста түбіне жеткен ешкім жоқ. Бұл тараптағы ғылымның ең соңғы сөзі — «Өзгеріс кітабы» — VIII-VII ғасырларда туған, балгерлік негіздегі философиялық еңбек дегенге саяды.

- «Тарихи деректер кітабы» — ежелгі заман патшалары, атақты адамдар, олардың үлгілі істері, халық басынан өткен елеулі оқиғалар туралы аңыздық, деректік хикаялардың жинағы, Конфуций өз қолынан өткеріп, жүйеге түсірген деп есептеледі
- «Кеңес пен толғам» — осы, әуелгі бес кітаптан өзгеше тұрпаттағы жинақ, кейініректе Конфуцийдың ізбасарлары құрап, қалыптаған ғақлиялар топтамасы, негізінен Конфуцийдың шәкірттермен кеңес, әрқилы адамдармен әңгіме үстінде айтқан нақыл сөздері, ой, толғамдары. Конфуций есіміне тікелей қатысты ең басты кітап та осы.

- «Жыр кітабы» — қазіргі замандағы қытай поэзиясының антологиясы; ескіден қалған жырлар өте көп екен, Конфуций солардың бірін қарастырып шығып, әрі көркем, әрі әуезді, айрықша мағыналы үш жүз бес жырды іріктеп алады да, оларды мекендік, мезгілдік және мазмұндық тұрғыдан жүйелеп, бір кітапқа топтайды; жалпы көлемі сегіз мың өлең жолына тақау бұл антология — әлемдік поэзияның үздік үлгісі, өзгеше тұрпатты асыл мұра. «Жырдан шабыттанам» деген Күңфудзының өзі (VIII), ақыл-ойдың, көркем танымның ғажайып нұсқасы ретінде үнемі шәкірттерінің алдына тартып отырған.

- «Рәсім кітабы» — діни тұрмыс-салт, ғұрып, ғибадат жоралары туралы кітап, ежелден қалыптасқан; Конфуций зерделеп, дәйектеген деп есептеледі. Конфуцийдың өзі «Рәсімнен қуат алам» деген.
- «Көктем мен күз» — б.з.б. 721-480 жылдарды қамтитын тарихи шежіре, Конфуций жүйелеп, түбегейлі өңдеуден өткізген; келер ұрпақ мені осы «Көктем мен күз» арқылы бағалайды деген сөзі бар (Сыма Циан).

Қорытынды

- Әрине, аталмыш ерекшеліктердің барлығы да тек осы Конфуций іліміне ғана тән, таза ұлттық тұрғыдағы наным мен рәсім. Мұның бәрі — сыртқы қаңқа, ішкі тірек,. Ал ілімнің түпкілікті мән-мағнасы мен мақсат-мұраты жалпы адамзаттық қасиеттен бөтен туыс танытпайды, кісі ұғымына тән құлықтық, ізгілік негізінде ұйысқан. Бұрынғы, соңғы зерттеушілердің байыбынша, Конфуций ілімінің өзегі бес тармақ арқауға құрылған, бұлар: кісілік, әділдік, рәсім (немесе құлықтылық), ақыл (немесе білімдарлық), адалдық. Айналып келгенде, өзіндік салт, жоралғылардың барлығы да осы бес асыл қасиетті және солардан туындайтын тағы қаншама игілікті бекітетін тәсіл, құрал ғана дер едік.

*Назарларың ызға а
рахмет*

